





Қызғылт қоқиқаз – дене бітімі өте ерекше, сирек кездесетін құс. Қорғалжын қорығындағы, Теңіз көлінде ғана ұялап, жұмыртқалайды. Бұл құстардың ең сүйікті тағамы – жәндіктердің дернәсілдері, құрттар, ұсақ шаянтәрізділер, балдырлар мен моллюскалар. Бір қызығы, қоқиқаздардағы қызғылт түсті құрамында каротиноид бар шаян тәрізділердің арқасында алынады. Ұшып бара жатқан қоқиқаздың қанаттары лапылдап жанған оттың жалынына ұқсас болғандықтан оларды кей халықтар “от немесе жалын құс” деп те атайды. Ерекше әдемі, өте сирек кездесетін қызғылт қоқиқаздар елімізде қорғауға алынған.



Қоңыр аю – аю тұқымдасына кіретін жыртқыш аң. Салмағы 300 кг дейін жетеді. Мойны жуан, басы үлкен, тырнақтары өткір. Ел арасында майы мен өті емге пайдаланылады. Таулы, қылқан жапырақты жерлерде мекендейді. Елімізде Тянь-Шань тауының жоталарында кездеседі. Қоңыр аюды ғылыми тілде таралған аумағына байланысты Тянь-Шань қоңыр аюы, ал оның өзіне тән тырнақтарының ақ түсті ерекше белгілеріне сәйкес ақ тырнақты аю деп атайды. Олар жұп құрып тіршілік етеді. Қыста 5-7 айға дейін ұйқыға кетеді. Қолға үйретіп, цирктерде өнер көрсетеді, ағаштарға жақсы өрмелейді. Қызыл кітапқа сирек кездесетін түр ретінде тіркелген.



Қызыл қасқыр – қасқыр тұқымдасына жататын жыртқыш аң. Осы аттас туыстың Қазақстан фаунасы мен әлемдік фаунадағы бірден-бір өкілі. Дене тұрқы 100 — 110 см, құйрығының ұзындығы 45 -50 см, құйрық жүні үлпілдек, арқасы қызыл қоңыр, екі бүйірі солғын қызыл түсті. Қызыл қасқыр теңіз деңгейінен 2500-4000 м биіктікте жартасты шатқалдар, субальпі және альпі шалғындықтары, сырттар, таудың далалы және орманды учаскелерінде арқарлар мен таутекелер мекендейтін жерлерде өмір сүреді. Баспана ретінде түрлі қуыстар мен басқа аңдардың тастап кеткен індерін пайдаланады. Негізгі азық көзері: таутеке, марал, арқар, елік, үй малдары.



Ақбас үйрек – үйректер тұқымдасына жататын су құсы. Қанатының ұзындығы 15-20 см, салмағы 500- 900 кг, қара түсті, басы мен мойны ақ, тұмсығы көгілдір. Дүниежүзінде жойылып бара жатқан, толық зерттелмеген, сирек кездесетін құс ретінде қорғауға алынған. Басқа үйректерге қарағанда жүзіп жүргенде құйрығын тік ұстайды, жақсы сүңгиді, құрғақта жүре алмайды. Су өсімдіктерімен, жәндіктермен қоректенеді. Мекиендері 5-15 жұмыртқа басып, шайқайды, балапандары 40-45 күнде өсіп жетіледі.



Түркістан сілеусіні – мысықтәрізділер тұқымдасының сілеусін туысына жататын жыртқыш сүтқоректі. Басының пішіні жұмыр, құлақ қалқаны үшбұрышты әрі үшкір. Құлақ қалқанының ұшындағы шоқ қылшықты ұзын шашағы қара түсті болып айқын байқалады. Сілеусіннің құлағында қылшықты шашағы, ал екі ұртында сәнді сақалы болады. Көзі өте қырағы, есту қабілеті де жақсы дамыған. Жүрген кезде ешбір дыбыс байқалмайды. Ол ағаш басына және жартастарға жылдам өрмелеп шыға алады. Қатты секірген кезде 3-4 метр қашықтықты қамтиды. Тек Сайрам, Өгем, Іле Алатауында мекендейтін Түркістан сілеусіні жойылып бара жатқандықтан «Қызыл кітапқа» енген.



Жұпар тышқан – тышқандар тұқымдасына жататын жартылай суда тіршілік ететін аң. Дене тұрқы 18-20 см, салмағы 300-480 г болады. Құйрығының ұзындығы 17 – 20 см, оның астыңғы жағында тері безі орналасқан. Осы безден хош иісті зат бөлінеді. Аңның Жұпартышқан аталуы да осыған байланысты. Жүні қалың, жылтыр, жұмсақ, қара қоңыр, бауыры ақшыл болады. Күз және көктемде жылына екі рет көбейеді. Жайық, Үй, Обаған, Ырғыз, Тобыл өзендерінің жағасында тіршілік етеді. Жұпартышқанның терісі бағалы. Әлемде саны өте аз кездесетін, реликт аң болғандықтан, аулауға тиым салынып, қорғауға алынған.



Үстірт арқары – Маңғыстау өлкесін мекендейтін жабайы қой. Ғылыми тілде муфлон деп аталады. Денесі ірі, тұрқы 150-160 см, салмағы 70 кг дейін жетеді. Құлжаларының мүйіздері иректелген, өте мықты болады. Аяқтары жіңішке, сидақ әрі мықты болады. Қия жартастарға, тау беткейлеріне жылдам көтеріле алады. Үстірт арқары өсімдіктердің 88 түрімен, көбіне сораң, алабота, жусан, бидайық және баялыш, қараған бұталарының жапырақтарымен, бұтақтарымен де қоректенеді. Ол жайылым талғамайды, әрі жайылған кезде тау беткейлерін қиялай жүріп жайылады.




Каспий итбалығы - нағыз итбалықтар тұқымдасына жататын ескекаяқты сүтқоректі аң. Қазақтар арасында түлен деп те атайды. Суда тіршілік етуіне байланысты, мойны денесімен тұтасып кеткен, басы айқын көрінбейді, құлақ қалқаны жоқ, аяқтары ескек тәрізді, башайларының арасында қалың тері жарғақтары болады. Бір жылда бір кейде екі ақұрпек туады. Ақұрпекті аналығы майлы сүтімен қоректендіреді, 2-3 айда әбден семірген ақұрпекті «май итбалық», бір жылдан кейін терісінің түсі өзгергендіктен «қара итбалық» деп атайды. Тек Каспий теңізінде таралған, Еділ және Жайық өзендерінің төменгі ағысында сирек кездеседі.



Сабаншы – жыртқыштар отрядының мысықтәрізділер тұқымдасына жататын, сүтқоректі аң. Дене тұрқы үй мысығындай, 50-65 см, салмағы 4-5 кг болады. Арқасында сегіз қара жолағы бар, құйрығы келте, жүні үлпілдек ашық сұр түсті. Құлақ қалқандары өте кішкентай, самайында шоқша сақалы бар. Інін жартас арасына, ірі кеміргіштердің тастап кеткен орындарына салады. Жемін ымыртта, түнде аулайды. Негізгі қорегі торғай тәрізділер, кемірушілер мен құстар. Қазақстанда Мұғалжар тауларында, Маңғыстауда, Жем Үстіртінде, Шығыс Еуропа жазығында мекендейді. Сабаншының кәсіптік маңызы шамалы болғанымен ғылыми маңызы құнды. Сабаншының саны Ресей, Өзбекстанда да өте азайған. Саны өте аз, толық зерттелмеген. Сондықтан қорғауға алынып, Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген.



Қар барысы – мысық тұқымдасының ерекше өкілі, сирек кездесетін, жойылудың алдында тұрған жыртқыш аң. Дене тұрқы 130-см, құйрығы 90-100 см, салмағы 30-40 кг. Түсі көк сұр, теңбіл шұбар, сақина тәрізді дөңгелек қара дақтары бар, жүні ұзын әрі қалың. Басын мәңгі қар басқан тасты тік беткейлер мен қияларда мекендейді. Қар барысы 6 метрге дейінгі ұзындыққа және 3 метрге дейінгі биіктікке секіре алады, ұзын құйрығы «тізгін» рөлін атқарады. Елімізде бұл анды ілбіс деп те атайды. Қар барысы өте биік аймақтарда жүретін болғандықтан аз зерттелген. 23 қазан – Халықаралық қар барысы күні деп аталып, Қызыл кітапқа енгізілген.



Бүркіт - қаршыға тұқымдасының қырандар туысына жататын ірі жыртқыш құс. Латыншадан аударғанда «Алтын қыран» деген мағына береді, жемтігін бүріп ұстау тәсіліне байланысты түркі халықтары бүркіт деп атайды. Бүркіт –қырандар ішіндегі ең ірі әрі күшті, денесі мығым, жылдам ұшатын құс. Тұмсығының үстіңгі жағы иілген, ұшы үшкір өткір. Бүркітті қолға үйретіп, аңға салу қазақ халқының ертеден келе жатқан саятшылық өнері. Қазақстанда Маңғыстау, Үстірт, Сарыарқа, Тарбағатай, Алтай тауларында мекендейді. Саны азаюына байланысты қорғауға алынған.



Марал – асыл тұқымды бұғылардың қатарына кіретін керемет жануар. Оның мүйіздерінің ерекше емдік қасиеттері бүкіл әлемде бағаланады және басқа тіршілік иелерінде кездеспейді. Бұл жануардың салмағы 300-400 килограммға дейін жетеді. Денесінің ұзындығы – 2,5 метрден асады, ал биіктігі – 1,7 метр. Қысқы мезгілде жүнінің түсі сұр-қоңыр болып, көктемде қызғылт түске өзгереді. Маралдың еті жұмсақ, дәмді, әрі емдік қасиеттерге бай. Бұғы етіндегі майдың өлшері өте аз, энергетикалық құндылығы 100 граммға 155 калорийді құрайды. Сонымен қатар, оның құрамында B1, B2, PP дәрумендері және натрий, фосфор, калий, кальций сияқты микроэлементтер бар.